

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

050301 «ЗАҢТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ КЕШЕНІ

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ» пәнінен

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

«Заңтану» мамандығында кредиттік технология бойынша
оқитын студенттеріне арналған

СИЛЛАБУС

ПАВЛОДАР 2010 ЖЫЛ

БЕКІТІЛДІ

Оқыту әдістемелік жұмысы және
білім беру сапасы жөніндегі проректор

_____ Комардина Л.С.

«_____» _____ 2010 ж.

Құрастырушы: оқытушы Төлебаева Г.М.

«Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы» пәндер кафедрасы
«Халықаралық жеке құқық» пәнінен
050301 «Заңтану» мамандығы бойынша
күндізгі, сырттай оқыту нысандарында және қашықтықтан
оқыту технологиясы бойынша
жалпы орта, орта кәсіптік және жоғары білім негізінде
оқитын студенттерге арналған
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
(СИЛЛАБУС)

Силлабус 050301 «Заңтану» мамандығының Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС 3.08.279-2006 ж., Астана), «Халықаралық жеке құқық» пәнінің типтік оқу бағдарламасының (Астана 2006ж.) негізінде жасалған.

Басқару Академиясы ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітіліп, баспаға ұсынылған

Хаттама № _____ « _____ » « _____ » 2010 ж.

«Басқару Академиясының ҒӘК төрайымының орынбасары

ИнЕУ доценті _____ Н.Ж. Габбасов

«МжҚТТ» кафедрасының отырысында қарастырылған

Хаттама № _____ « _____ » « _____ » 2010 ж.

«МжҚТТ» кафедрасының меңгерушісі

з.ғ.к., доцент С.Қ. Жетпісов _____

Келісілді:

ОӘБ бастығы

п.ғ.к., профессор Ушакова Н.М. _____

ИнЕУ медиатекасына тапсырылды _____

«Халықаралық жеке құқық» оқу курсы силлабусының құрылымы

1 Түсінік хат

2 Курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспары (1-кесте)

3 Дәріс курсының мазмұны (2-кесте)

4 СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары (3-кесте)

5 ОСӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары (4-кесте)

6 Емтихан сұрақтары

7 Ұсынылатын әдебиет

Негізгі

Қосымша

8 Студенттердің білімі мен білігін бақылаудың түрі мен формасы (5-кесте)

9 Студенттердің рейтингтерін бағалау көрсеткіші (6-кесте)

10 Студенттердің білімін, дағдысын және қабілетін бағалаудың жалпы көрсеткіштері (7-кесте)

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Оқытушының аты-жөні	Өткізілетін уақыты мен орны		Байланыс ақпараты
	Дәрістер	СРСП	
Оқытушы: Тулебаева Г.М.	Корпус №3 Ауд жұмыс кестесі бойынша	Корпус №4, Ауд. Жұмыс кестесі бойынша	«Мемлекет және құқық теориясымен тарихы» кафедрасы, 505 кабинет Жум. Тел: 45-22-11, (ішкі.126) Консультация уақыты: Кафедрадағы график бойынша

Пән туралы мәлімет: «Халықаралық жеке құқық» пәні.

	Күндізгі, жалпы орта білім негізінде	Орта кәсіби білім негізінде	Сырттай жоғары білім негізінде
Курс	4	3	2
Семестр	7	7	5
Дәріс	15	10	14
Тәжірибелік сабақтар	15	2	2
ОСӨЖ	15	-	-

СӨЖ	45	-	74
Жалпы көлемі	90	-	90
Бақылау түрі	емтихан	емтихан	емтихан

1. ТҮСІНІК ХАТ

Халықаралық жеке құқық дербес құқық саласы ретінде, заң ғылымының саласы ретінде және дербес оқу пәні ретінде тек ХІХ ғ. жартысында қалыптасты. Ал Қазақстан Республикасында халықаралық жеке құқыққа деген қызығушылық тек қоғамымызда саяси және экономикалық өзгерістер енгізіле бастағаннан бастап пайда болды.

Сыртқы экономикалық қызмет аясын қаушап алған экономикалық реформалар еліміздің азаматтары мен заңды тұлғаларына жеке құқықтық сипаттағы халықаралық қатынастарға түсуге үлкен мүмкіндіктер көзін ашты.

Халықаралық жеке құқық ұлттық құқық болып табылады, бірақ ол халықаралық жария құқығы мен шетел құқығымен тығыз байланыста жүріп отырады. Халықаралық құқық пен жария құқығының мақсаты бір - әр түрлі саладағы халықаралық қызметтестікті күшейту. Бірақ халықаралық жария құқықта басты орынды мемлекеттердің саяси қарым-қатынастары басымдыққа ие.

Халықаралық жеке құқықтың реттеу пәні болып - халықаралық өмірде пайда болатын жеке құқықтық сипаттағы қатынастар табылады. Халықаралық жеке құқықтың ерекшелігі реттеу әдістерінде де ашылады. Әр түрлі мемлекеттердегі коллизиялық-құқықтық әдістер арқылы белгілі бір жағдайда қай мемлекеттің құқығы қолданылатыны анықталады. Ал материалдық-құқықтық әдіс арқылы жеке құқықтық сипаттағы халықаралық қатынастардың реттелуі жүзеге асырылады.

Халықаралық жеке құқықты зерттеу үшін студент алдымен мына сабақтас пәндердің негізгі институттарын біліп алуы қажет: мемлекет және құқық теориясы, азаматтық құқық, халықаралық жария құқық, отбасы құқығы, еңбек құқығы, азаматтық іс жүргізу құқығы.

Халықаралық жеке құқық халықаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени қызметтестікті дамытумен тығыз байланысты және осы қызметтестікті құқықтық реттеуде үлкен үлесін атқарады.

Жұмыс бағдарламасының оқу жоспарында сағаттарды үш белімге бөлу жөнделіп өзгертілуі мүмкін.

Бұл құқық саласы күрделі, біркелкі емес және кешенді болғандықтан, бұл пәнді мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, қаржы құқығы, азаматтық құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық іс жүргізу сияқты сабақтас пәндермен байланыстыра оқу керек.

Курстың мақсаты: халықаралық сипаттағы жеке қатынастарды зерттеу болып табылады.

Бұл пәнді қыту барысында алынған білім базалық заң білімін алу үшін қажетті. Әрбір тәжірибеленуші заңгер халықаралық жеке құқық бойынша негізгі білімді қажет етеді.

Халықаралық жеке құқықтың басты мазмұны болып - әр түрлі мемлекеттердің бір мәселеге байланысты құқық нормаларының арасындағы коллизиялық проблемаларды жою танылады. Курсты оқыту барысында студенттер халықаралық сипаттағы жеке құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің нысандары мен әдістерімен таныстырылады. Оқыту барысында халықаралық сот және арбитраждық тәжірибесі де қарастырылмақ.

Курстың міндеттері: дербес сала ретінде азаматтық құқықты оқыту барысында халықаралық құқықта жеке құқықтық қатынастарды реттеу жөнінде білім беру; студенттердің мына білімді игеруі табылады: халықаралық жеке құқықты Қазақстан Республикасының дербес құқық саласы ретінде қарастыру; халықаралық сипаттағы жеке құқықтық қатынастарды реттейтін қазақстандық заңдылық пен халықаралық шарттар

жөнінде мағлұмат беру; қазақстандық заңдылықтың коллизиялық нормаларын тусіндіру мен қолдану.

Курс құрылымы студент меңгере білуі керек – практикалық қызмет саласында халықаралық жеке құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолданудың теориялық және практикалық дағдыларын меңгеру.

Болашақ заңгер заңи терминалогияларды және нормативтік құқықтық актілерді білуі керек. Халықаралық жеке құқықтың осы заманғы қарым-қатынастардағы рөлінің артып отырғаны, мемлекеттердің ұлттық құқықтарына, заңдарына ықпалының күшеюі жөніндегі мәселелер қарастыру. Алған теориялық білім және логикалық ойлау мамандық бойынша құқықтық практикаға заңгер үшін қажетті. Курсты оқыту нәтижесінде келесі тақырыптарды **студенттер білуі тиіс**: халықаралық жеке құқықтың түсінігі; халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері; коллизиялық нормалар; халықаралық нормаларды қолданудың негізгі құқықтық мәселелері; халықаралық жеке құқықтың субъектілері; халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар; сыртқы экономикалық мәмілелер; жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау; халықаралық несие-есеп қатынастары; халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік; халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары; халықаралық еңбек құқығы; халықаралық азаматтық процесс; халықаралық еңбек құқығы.

Теориялық білімді игеру нәтижесінде студенттерде **мынадай қабілеттер болуы тиіс**: практикалық қызмет саласында халықаралық жеке құқық қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді дұрыс қолдануын білу.

Курсты оқыту нәтижесінде **студенттерде мынадай дағдылар болуы тиіс**: халықаралық жеке меншік құқығы пәніне қатысты заңи терминологиялардың мағынасын білу.

Курсты оқыту нәтижесінде **студенттер хабардар болуы тиіс**: халықаралық жеке құқығы пәнінің осы заманға қатысты қарым-қатынастарында пайда болатын мәселерді шешу білу

Бақылау түрі: емтихан

Пререквизиттер Бұл құқық саласы күрделі, біркелкі емес және кешенді болғандықтан, бұл пәнді мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, қаржы құқығы, азаматтық құқық, еңбек құқығы, отбасы құқығы, азаматтық іс жүргізу сияқты сабақтас пәндермен байланыстыра оқу керек.

Постреквизиттер халықаралық жеке құқық, халықаралық жария құқығы, міндеттемелік құқық, салықтық құқық, еңбек құқығы, азаматтық іс жүргізу құқығы, қылмыстық іс жүргізу құқығы.

2. «Халықаралық жеке құқық» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар

		Сағат саны		
		Дәріс	ОСӨ	СӨЖ
Модуль 1				
	Тақырыптар:			
1	Халықаралық жеке құқықтың түсінігі	1	1	3
2	Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері	1	1	3
3	Коллизиялық нормалар	1	1	3
4	Халықаралық нормаларды қолдану: негізгі құқықтық мәселелер	1	1	3
5	Халықаралық жеке құқықтың субъектілері	1	1	3
6	Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар	1	1	4
7	Сыртқы экономикалық мәмілелер	1	1	3
8	Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау	1	1	3
Модуль 2				
9	Халықаралық несие-есеп катынастары	1	1	4
10	Халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік	2	2	4
11	Халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы катынастары	1	1	4
12	Халықаралық еңбек құқығы	1	1	4
13	Халықаралық азаматтық процесс	2	2	4

3. Дәріс курсының мазмұны

1-тақырып: Халықаралық жеке құқықтың түсінігі.

Қазіргі кездегі халықаралық жеке құқықтың орны мен рөлі. Халықаралық жеке құқықтың даму тарихы. Халықаралық жеке құқықтың Қазақстан Республикасында дамуы. Халықаралық жеке құқықтың пәні: негізгі белгілері. Халықаралық жария құқығы мен жеке құқықтың ара-қатынасы. Халықаралық жеке құқықтың пәні: халықаралық жеке құқықпен реттелетін қатынастардың көлемі мен шеңбері. Шетел элементімен күрделенген азаматтық-құқықтық, еңбек, азаматтық іс-жүргізушілік қатынастар.

Халықаралық жеке құқықтың құқық жүйесіндегі орны. Шетел элементімен күрделенген азаматтық-құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері. Коллизиялық әдістен материалды-құқықтық әдістің басымдылығы. Халықаралық құқықтың жүйесі құқық саласы мен оқу курсы ретінде.

2-тақырып: Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері.

Халықаралық жеке құқық қайнар көздерінің түсінігі мен түрлері. Халықаралық шарт. Екіжақты және көпжақты шарттар. Қазақстан Республикасымен ратификацияланған шарттар. Ішкі мемлекеттік ұлттық заңдылық. Конституция халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде. Азаматтық кодекс халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде. Халықаралық жеке құқық бойынша отбасы және неке туралы Заң, Азаматтық іс-жүргізу кодексі және Қазақстан Республикасының басқа заңдылығы.

Халықаралық шарт пен ішкі заңдылықтың ара-қатынасы. Әдет-ғұрып: түсінігі, мәні. Халықаралық-құқықтық және сауда әдет-ғұрыптары. Халықаралық сауда палатасының (ХСП) әдет-ғұрыптарды кодификациялауда рөлі. Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі ретінде. Сот прецедентін қайнар көз ретінде қолданудың Қазақстандағы мүмкіншілігі.

3-тақырып: Коллизиялық нормалар.

Коллизиялық норманың құрылымы. Коллизиялық норманың көлемі мен байланысы. Коллизиялық нормалардың түрлері. Біржақты және екіжақты нормалар. Императивті, диспозитивті және альтернативті нормалар. Басты (негізгі) және субсидиарлық нормалар. Қосудың негізгі нысандары.

4-тақырып: Халықаралық нормаларды қолдану: негізгі құқықтық мәселелер.

Халықаралық нормаларды қолданудың сатылары. Коллизиялық норманы қолдану: негізгі құқықтық сұрақтар. Қайтарымдылық. Материалды және формальді қайтарымдылық. Реторсия. Реторсия қағидасын қолданудың проблемалары. Заңи ұғымдардың

квалификациясы. Кері қайтару және үшінші мемлекеттің құқығына сүйену. Заңды айналып өту. Коллизиялық норма сілтеме жасаған құқықты қолдану: негізгі сұрақтар. Жариялы тәртіп жөніндегі келіспеушілік. Қазақстанның арбитраждық процесінде жариялы келіспеушілікті қолдану. Императивті норманы қолдану. Көп құқықтық жүйесі бар құқықты қолдану. Шетел құқық нормаларының мазмұнын белгілеу.

5-тақырып: Халықаралық жеке құқықтың субъектілері.

Халықаралық жеке құқық субъектілері мен оларға қолданылатын құқықтық режим. Ұлттық режим мен ыңғайландырылуы басым режимі. Ұлттық режимнен ыңғайландыру режимін алып тастау. Халықаралық жеке құқықта жеке тұлғалардың құқықтық жағдайы. Жеке тұлғалардың санаты. «Шетел азаматы» мен «азаматтығы жоқ тұлға» ұғымы. Әр түрлі мемлекеттердегі шетел тұлғалары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықабілеттілігі мен әрекетқабілеттілігі. Шетел тұлғалары әрекетқабілеттілігінің коллизиялық мәселелері. Шетел азаматтарының әрекетқабілеттілігін шектеу мен айыру. Хабар-ошарсыз кету және тұлғаны қайтыс болды деп жариялау.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы. Қазақстан азаматтарының шетелдегі құқықтық жағдайы. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайының негізі: «ұлты» және мәртебесі. Заңды тұлға ұлттылығын анықтаудың негізгі доктриналары. Халықаралық заңды тұлға ұғымы. Трансұлттық бірлестіктер. Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы.

Шетел заңды тұлғаларымен шаруашылық қызмет жүргізудің құқықтық нысандары. Филиалдар мен өкілдіктер. Шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар. ҚР-сы заңды тұлғаларының шетелдегі құқықтық жағдайы.

Мемлекет құқықтық жағдайының ерекшеліктері. Мемлекет иммунитетінің түсінігі мен түрлері. Мемлекетпен жасалатын мәмілелердің құқықтық режимі. Мемлекет пен мемлекеттік заңды тұлғалардың бөлек меншік қағидасы.

6-тақырып: Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар.

Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықты құқықтық реттеу. Заттық құқықтардың коллизиялық мәселелері. Қазақстан заңдылығындағы меншік құқығына қатысты коллизиялық нормалар. Меншікті жекешелендіру мен ұлттандыру. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. Инвестициялардың түсінігі. Шетел инвестициялары үшін ұлттық режим мен ыңғайландыру режимінің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасында шетел инвестицияларына кепілдік.

Қазақстан Республикасы меншігінің құқықтық жағдайы мен шетелдердегі қазақстандық ұйымдар. Шетел мемлекеті мүлігінің иммунитеті.

7-тақырып. Сыртқы экономикалық мәмілелер.

Сыртқы экономикалық мәміле мен сыртқы экономикалық шарттың түсінігі. Сыртқы экономикалық мәміленің коллизиялық мәселелері. Сыртқы экономикалық мәмілені жасасудағы тарап еріктерінің дербестігінің түсінігі, мазмұны, мәні. Контрактіге отыру жерінің заңын қолдану. Әр түрлі мемлекеттерде мәмілеге отыру уақыты. Сыртқы экономикалық мәміленің нысаны. Мәміленің нысанына қолданылатын құқық жөніндегі коллизиялық норма. Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының қатысуымен жасалатын сыртқы экономикалық мәмілелердің нысанына қатысты құқықты қолдану. Мәміле мазмұны мәселелері бойынша құқықты қолдану. Сыртқы экономикалық

мәміле тараптарының құқықтары мен міндеттерін анықтауға бағытталған қолданатын құқықты таңдау. Сыртқы экономикалық мәміледе тиісті қолданылатын құқық жөнінде тараптардың келісімі болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы заңдылығының күші.

Қаржыландырумен байланысты сыртқы экономикалық мәмілелердің түрлері. Халықаралық факторинг. Халықаралық мердігерлік шартының түсінігі, мазмұны, түрлері. Ғылыми-техникалық қызметтестік саласындағы шарттар. Халықаралық сатып алу-сату шартының түсінігі. Халықаралық сатып алу-сату бойынша халықаралық конвенциялар: жалпы сипаттама. 1980 ж. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы Вена конвенциясы. 1085 ж. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шартына арналған құқықты қолдану туралы Гаага конвенциясы. Халықаралық сатып алу-сатудағы ескіру мерзімі жөніндегі ЮНСИТРАЛ конвенциясы.

Халықаралық саудадағы үлгілік контрактілердің үлгілік талаптарын қолдану. Тауар жеткізілімінің жалпы шарттары. Халықаралық сауда әдет-ғұрыптары. Сауда терминдері мен оларды талқылау. 1990 ж. ИНКОТЕРМС. Сауда терминдерінің мазмұны, түрлері.

8-тақырып: Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау.

Халықаралық тасымалдаудың түсінігі. Халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Халықаралық тасымалдаудың түрлері. Теміржол, көлік, әуе, теңіз арқылы тасымалдауды құқықтық қамтамасыз ету. Халықаралық көлік келісімдерінің (конвенциялардың) сипаттамасы. Жүктерді халықаралық тасымалдаудың түсінігі, мазмұны, шартқа отыру ерекшеліктері, түрлері. Халықаралық аралас тасымалдау: түсінігі, ұйымдастыру, тараптар, мазмұны.

Жолаушыларды халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің түсінігі, мазмұны, кайнар көзі. Халықаралық тасымалдауды реттейтін Қазақстан Республикасының көлік заңдылығы. Қазақстан Республикасындағы рұқсат ету жүйесі.

9-тақырып: Халықаралық несие-есеп қатынастары.

Халықаралық есеп қатынастарының түсінігі. Есеп құқықтық қатынастардың мазмұны. Халықаралық есептесуді жүргізудің ерекшеліктері. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асырудың түсінігі, қағидалары. Валюта операцияларының түрлері. Қазақстанның валюталық заңдылығы.

Халықаралық есептесудің нысандары. Есептерді аккредитив бойынша, инкассо тәртібімен, аванс нысанында жүзеге асыру. Банктік аударым («халықаралық несие аударылымы»). Саудалық емес есептесулер. Халықаралық есептесудегі чек. Халықаралық есептесу кезінде чекті пайдалануды реттейтін құқықтық нормалардың унификациясы. 1931 ж. Чек туралы біртұтас заң жөніндегі Женева конвенциясының сипаттамасы, 1988 ж. Халықаралық чек жөніндегі ЮНСИТРАЛ конвенциясы. Халықаралық несие қатынастарының түсінігі. Несие қатынастарының түрлері. Вексель - есептесу мен несиені қамтамасыз етудің әдісі ретінде. 1030 ж. Вексельдік құқықты унификациялау жөніндегі және 1930 ж. аударма мен қарапайым вексель жөніндегі коллизиялық мәселелерді шешу жөніндегі Женева конвенцияларына сипаттама.

10-тақырып: Халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік.

Интеллектуалдық меншіктің түсінігі мен мазмұны. Интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институттары.

Авторлық және сабақтас құқықтарды халықаралық-құқықтық қорғау. Қазақстандағы шетел тұлғаларының авторлық құқықтары. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтарының

авторлық құқықтары жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі заңдылығы. Шетелдегі отандық авторлардың туындыларын пайдалану мен қорғаудың ерекшеліктері. Авторлық құқық саласындағы халықаралық көпжақты шарттардың жалпы сипаттамасы.

Өнеркәсіптік меншікті халықаралық құқықтық қорғау. Өнеркәсіптік меншіктің түсінігі, объектілері. Өнеркәсіптік меншікке құқықтың түсінігі, ерекшеліктері. Қазақстандағы өнеркәсіптік меншікке шетел тұлғаларының құқықтарын қорғау. Конвенциялық басымдылық туралы Ереже. Шетел тұлғаларының өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға патенттеудің, талапты беру мен рұқсат алудың проблемалары. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі. Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану туралы лицензиялық шарттардың түрлері. Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер мазмұнының сипаттамасы.

11-тақырып: Халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары.

Шетел элементімен күрделенген неке-отбасы қатынастарының түсінігі, құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Неке-отбасы саласындағы қатынастардың коллизиялық мәселелері. Некеге отыру. Қазақстан Республикасында Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтары арасындағы некені құрудың шарттары. Неке құруға кедергі болатын жағдайлар. Консулдық некенің түсінігі. Қазақстан Республикасының билік органдарымен консулдық некені танудың шарттары. Әр түрлі мемлекеттердің консулдық некелеріне қатысты Консулдық конвенциялары. Қазақстан азаматтарының шетел азаматтарымен шетелде неке құруы. Шетел тұлғаларының арасында шетелде тіркелген некені Қазақстан Республикасында тану.

Некені жарамсыз деп тану. Қазақстан Республикасында шетелдіктермен некені бұзу. Некені шетелде бұзу. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа қолданылатын құқықты анықтайтын коллизиялық нормалар. Халықаралық жеке құқықта ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қарым-қатынастар. Балалардың азаматтығы. Әкелікті анықтау. Асырап алушылық. 1989 ж. Бала құқықтары жөніндегі Конвенция. Қазақстан аумағынан тыс шетел тұлғаларымен, Қазақстан аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарымен бала асырап алуға қатысты Қазақстан Республикасының заңдылығы. Қамқоршылық пен қорғаушылық. Қазақстан Республикасының заңдылығы бойынша шетелдіктерге қамқоршылық пен қорғаушылықты бекіту. Қазақстан аумағынан тыс өмір сүретін Қазақстан азаматтарына қамқоршылық пен қорғаушылық.

12-тақырып: Халықаралық еңбек құқығы.

Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық еңбек қатынастары және коллизиялық қағидалар. Әр түрлі мемлекет заңдылығындағы жұмыс істеу орны заңы коллизиялық принципі. Шетелдіктердің еңбек талаптарын халықаралық-құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының, мигранттардың еңбек құқықтары. Қазақстан азаматтарының шетелдегі еңбек құқықтары. Қазақстан азаматтарымен шетелде шетел ұйымдармен еңбек келісім-шартына отырудың нәтижесінде пайда болатын еңбек қатынастарының ерекшеліктері. Халықаралық шарттар - еңбек қатынастарын реттеудің әдісі ретінде.

13-тақырып: Халықаралық азаматтық процесс.

Халықаралық азаматтық процесстің түсінігі. Халықаралық азаматтық процесспен қаралатын мәселелер. Соттылықты анықтау. Халықаралық соттылықтың түсінігі. Соттылықты анықтаудың жүйесі.

Шетелдіктердің процессуалдық жағдайы. Соттық қорғауға құқық және шетелдіктердің Қазақстан Республикасындағы азаматтық іс-жүргізушілік құқықтары. Шетелдіктердің азаматтық іс-жүргізу құқықтарына қатысты консулдық конвенциялар. Шетел мемлекетінің процессуалдық жағдайы. Мемлекеттің соттық иммунитетінің түсінігі, мазмұны. 1961 ж. Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы Вена конвенциясының жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасы соттарының шетелдік нормаларды қолдануы. Шетелдік құқықтың мазмұнын анықтау.

Шетел соттарының соттық шешімдері мен тапсырмаларын атқару. Сот тапсырмасын атқару, түсінігі. Бір мемлекет сотының екінші мемлекет сотына жүгіну тәртібі. Шетел соттарының шешімдері мен тапсырмаларын орындаудың халықаралық-құқықтық негіздері. Халықаралық шарттармен көзделген шетелдік соттардың шешімдерін атқарудың тәртібі.

4. СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары

№	Тапсырма тақырыбы	Тапсырма мазмұны	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі (апта)	Макс и-малды бағалау балы	Ұсынылатын әдебиет
	Модуль 1	Модуль атауы				
1	Халықаралық жеке құқықтың түсінігі.	Халықаралық жеке құқықтың пәні: негізгі белгілері. Халықаралық жария құқығы мен жеке құқықтың ара-қатынасы. Халықаралық жеке құқықтың пәні: халықаралық жеке құқықпен реттелетін қатынастардың көлемі мен шеңбері.	Тренингке дайындалу Реферат жұмысын қорғау	қыркүйек		Ануфриева Л.П. Международное частное право. В 3 томах. М.Изд. БЕК, 2000-2001
2	Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері.	Халықаралық жеке құқық қайнар көздерінің түсінігі мен түрлері. Халықаралық шарт. Екіжақты және көпжақты шарттар. ҚР ратификацияланған шарттар. Ішкі мемлекеттік ұлттық заңдылық.	Ауызша сұрау. Тест жұмысын тексеру	қазан		Богуславский М.М. Международное частное право: Учебник. - 5 изд. Перераб. И доп. - М.: Юристъ, 2004
3	Коллизиялық нормалар.	Коллизиялық норманың құрылымы, түрлері. Біржақты және екіжақты	Реферат жұмысын	қараша		Звеков В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.:

		нормалар. Императивті, диспозитивті және альтернативті нормалар. Басты (негізгі) және субсидиарлық нормалар. Қосудың негізгі нысандары.	қорғау			Изд. Группа НОРМА ИНФА. М. 1999
4	Халықаралық нормаларды қолдану: негізгі құқықтық мәселелер.	Коллизиялық норманы қолдану: негізгі құқықтық сұрақтар. Қайтарымдылық. Материалды және формальді қайтарымдылық. Реторсия.	Тест тапсырмасын тексеру	қараша		Ерпылева Н.Ю. Международное частное право: Учебник. - М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2004.
5	Халықаралық жеке құқықтың субъектілері.	Халықаралық жеке құқықта жеке тұлғалардың құқықтық жағдайы. Жеке тұлғалардың санаты. «Шетел азаматы» мен «азаматтығы жоқ тұлға» ұғымы.	Ауызша сұрау, кестені тексеру	желтоқсан		Иссад М. Международное частное право. Пер. с фр. М. 1989
6	Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар.	Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтық реттеу. Заттық құқықтардың коллизиялық мәселелері. Қазақстан заңдылығындағы меншік құқығына қатысты коллизиялық нормалар.	Тренингке дайындалу Реферат жұмысын қорғау	қантар		Лунц Л.А. Курс международного частного права. В трех томах. - М.: СПАРК, 2002
7	Сыртқы экономикалық мәмілелер.	Сыртқы экономикалық мәмілені жасасудағы тарап еріктерінің дербестігінің түсіндігі, мазмұны, мәні. Контрактіге отыру жерінің заңын қолдану.	Кесте құрастыру	ақпан		Нешатлева Т.Н. Международное частное право и Международный гражданский процесс: Учебный курс в трех частях. - М.: ОАО «Изд. дом «Городец», 2004
8	Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау.	Халықаралық тасымалдаудың түсінігі. Халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Халықаралық тасымалдаудың түрлері. Теміржол, көлік, әуе, теңіз арқылы тасымалдауды құқықтық қамтамасыз ету.	Тест тапсырмасын тексеру	наурыз		Международное частное право: Учебник/ Отв. ред. Н.И. Марышев - М.: Юристъ, 2004
	Модуль 2	Модуль атауы				

9	Халықаралық несие-есеп қатынастары.	Халықаралық есеп қатынастарының түсінігі. Есеп құқықтық қатынастардың мазмұны. Халықаралық есептесуді жүргізудің ерекшеліктері.	Тренингке дайындалу Реферат жұмысын қорғау	наурыз	Международное частное право: Учебник/ Отв.ред. Г.К. Дмитриева. - 2 изд., перераб. И доп. - М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2004
10	Халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік.	Интеллектуалдық меншіктің түсінігі мен мазмұны. Интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институттары.	Ауызша сұрау, кестені тексеру	сәуір	Международное частное право. Учебное пособие. Изд. 2-е Алматы: Ғылым, 1998
11	Халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары	Шетел элементімен күрделенген неке-отбасы қатынастарының түсінігі, құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Неке-отбасы саласындағы қатынастардың коллизиялық мәселелері.	ауызша талқылау	сәуір	Международное коммерческое право: Учебное пособие /Под ред. В.Ф. Попондопуло. - М.: Омега - Л., 2004
12	Халықаралық еңбек құқығы.	Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық еңбек қатынастары және коллизиялық қағидалар. Әр түрлі мемлекет заңдылығындағы жұмыс істеу орны заңы коллизиялық принципі.	Тренингке дайындалу Реферат жұмысын қорғау	мамыр	Белов А.П. Международное предпринимательское право: Практическое пособие. -М.: Юрид.дом «Юстицинформ», 2001
13	Халықаралық азаматтық процесс.	Халықаралық азаматтық процесстің түсінігі. Халықаралық азаматтық процесспен қаралатын мәселелер. Соттылықты анықтау. Халықаралық соттылықтың түсінігі. Соттылықты анықтаудың жүйесі.	Тренингке дайындалу	мамыр	Международное частное право (Нормативные акты и международные договоры), Сост. М.К. Сулейменов. Том 1-10. Алматы, 1996-2005

5. ОСӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру мерзімінің күнтізбелік жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Сабақ мазмұны	Өткізу түрі	Өткізілетін апта	Максимальды бағалау балы	Ұсынылатын әдебиет
	Модуль 1	Модуль атауы				
1	1. Халықаралық жеке құқықтың түсінігі.	Халықаралық жеке құқықтың пәні: негізгі белгілері. Халықаралық жеке құқықтың құқық жүйесіндегі орны. Коллизиялық әдістен материалды-құқықтық әдістің басымдылығы.	Ауызша сұрау, Конспектінің болуы.	Семестрдің 1-ші аптасы		Ануфриева Л.П. Международное частное право. В 3 томах. М.Изд. БЕК, 2000-2001
2	2. Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздері	Халықаралық жеке құқық қайнар көздерінің түсінігі мен түрлері. Әдет-ғұрып: түсінігі, мәні. Халықаралық сауда палатасының (ХСП) әдет-ғұрыптарды кодификациялауда рөлі. Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі ретінде.	Тест тапсырма сын тексеру, студенттердің білім деңгейлерін тексеру	Семестрдің 2-ші аптасы		Богуславский М.М. Международное частное право: Учебник. - 5 изд. Перераб. И доп. - М.: Юристъ, 2004
3	3. Коллизиялық нормалар.	Коллизиялық норманың құрылымы, көлемі мен байланысы. Коллизиялық нормалардың түрлері. Біржақты және екіжақты нормалар. Императивті, диспозитивті және альтернативті нормалар. Басты (негізгі) және субсидиарлық нормалар.	ауызша сұрау	Семестрдің 3-ші аптасы		Звекон В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.: Изд. Группа НОРМА ИНФА. М. 1999
4	4. Халықаралық нормаларды қолдану: негізгі құқықтық мәселелер.	Халықаралық нормаларды қолданудың сатылары. Коллизиялық норманы қолдану: негізгі құқықтық сұрақтар. Материалды және формальді қайтарымдылық. Реторсия. Императивті норманы қолдану. Көп құқықтық жүйесі бар құқықты қолдану.	Ауызша сұрау, кестені тексеру. Рефератты	Семестрдің 4-ші аптасы		Ерпылева Н.Ю. Международное частное право: Учебник. - М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2004.

			қорғау, қате мен жұмыс.			
5	5. Шектеулі бақылау №1		БЖ өткізу	Семестрдің 5-ші аптасы		Иссад М. Международное частное право. Пер. с фр. М. 1989
6	6. Халықаралық жеке құқықтың субъектілері	Әр түрлі мемлекеттердегі шетел тұлғалары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықабілеттілігі мен әрекетабілеттілігі. Мемлекет иммунитетінің түсінігі мен түрлері. Мемлекетпен жасалатын мәмілелердің құқықтық режимі. Мемлекет пен мемлекеттік заңды тұлғалардың бөлек меншік қағидасы.	Жазбаша тапсырманы тексеру Салыстырмалы сипаттама беру, ауызша сұрау	Семестрдің 6-ші аптасы		Лунц Л.А. Курс международного частного права. В трех томах. - М.: СПАРК, 2002
7	7. Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықтар.	Заттық құқықтардың коллизиялық мәселелері. Меншікті жекешелендіру мен ұлттандыру. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу.	Конспектілерді тексеру, ауызша сұрау	Семестрдің 7-ші аптасы		Нешатлева Т.Н. Международное частное право и Международный гражданский процесс: Учебный курс в трех частях. - М.: ОАО «Изд.дом «Городец», 2004
8	Сыртқы экономикалық мәмілелер.	Сыртқы экономикалық мәмілені жасасудағы тарап еріктерінің дербестігінің түсіндігі, мазмұны, мәні. Контрактіге отыру жерінің заңын қолдану. Халықаралық сауда әдет-ғұрыптары. Сауда	Конспектілерді талдау. Ауызша	Семестрдің 8-ші аптасы		Международное частное право: Учебник/ Отв. ред. Н.И. Марышев - М.: Юристъ, 2004

		терминдері мен оларды талқылау. 1990 ж. ИНКОТЕРМС. Сауда терминдерінің мазмұны, түрлері.	сұрау			
	Модуль 2	Модуль атауы				
9		Жүктерді халықаралық тасымалдаудың түсінігі, мазмұны, шартқа отыру ерекшеліктері, түрлері. Халықаралық аралас тасымалдау: түсінігі, ұйымдастыру, тараптар, мазмұны. Жолаушыларды халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің түсінігі, мазмұны, қайнар көзі.	Ауызша сұрау. Кестелерді жүйелерді тексеру.	Семестрдің 9-ші аптасы		Международное частное право: Учебник/ Отв.ред. Г.К. Дмитриева. - 2 изд., перераб. И доп. - М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2004
10	Жүктер мен жолаушыларды халықаралық тасымалдау.	Халықаралық несиесі қатынастарының түсінігі, түрлері. Вексель - есептесу мен несиені қамтамасыз етудің әдісі ретінде. 1030 ж. Вексельдік құқықты унификациялау жөніндегі және 1930 ж. аударма мен қарапайым вексель жөніндегі коллизиялық мәселелерді шешу жөніндегі Женева конвенцияларына сипаттама.	Ауызша сұрау, кестені тексеру	Семестрдің 10-ші аптасы		Международное частное право. Учебное пособие. Изд. 2-е Алматы: Ғылым, 1998
11	Халықаралық несиесі есеп қатынастары.	Халықаралық несиесі қатынастарының түсінігі, түрлері. Вексель - есептесу мен несиені қамтамасыз етудің әдісі ретінде. 1030 ж. Вексельдік құқықты унификациялау жөніндегі және 1930 ж. аударма мен қарапайым вексель жөніндегі коллизиялық мәселелерді шешу жөніндегі Женева конвенцияларына сипаттама.	Өткен материалдар бойынша тест өткізу	Семестрдің 11-ші аптасы		Международное коммерческое право: Учебное пособие /Под ред. В.Ф. Попондопуло. - М.: Омега - Л., 2004
12	Халықаралық жеке құқықтағы интеллектуалдық меншік.	Интеллектуалдық меншіктің түсінігі мен мазмұны. Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалану туралы лицензиялық шарттардың түрлері.	Ауызша сұрау және жазб	Семестрдің 12-ші аптасы		Белов А.П. Международное предпринимательское право: Практическое пособие. -М.:

13	Халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары.	Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі халықаралық келісімдер мазмұнының сипаттамасы Шетел элементімен күрделенген неке-отбасы қатынастарының түсінігі, құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Некені жарамсыз деп тану. Балалардың азаматтығы. Әкелікті анықтау. Асырап алушылық. 1989 ж.	аша жұмыс Ауызша сұрау Құрылған мониторингтік тексеру, ауызша сұрау	Семестрдің 13-ші аптасы	Юрид.дом «Юстицинформ», 2001 Международное частное право (Нормативные акты и международные договоры), Сост. М.К. Сулейменов. Том 1-10. Алматы, 1996-2005
14	Халықаралық еңбек құқығы.	Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық еңбек қатынастары және коллизиялық қағидалар. Халықаралық шарттар - еңбек қатынастарын реттеудің әдісі ретінде.	Конспектілерді тексеру, карта мен жұмыс.	Семестрдің 14-ші аптасы	Звекон В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.: Изд. Группа НОРМА ИНФА. М. 1999

6. Емтихан сұрақтары

1. Қазіргі кездегі халықаралық жеке құқықтың орны мен рөлі. Халықаралық жеке құқықтың даму тарихы.
2. Халықаралық жеке құқықтың ҚР-да дамуы.
3. Халықаралық жеке құқықтың пәні: негізгі белгілері. Халықаралық жария құқығы мен жеке құқықтың ара-қатынасы.
4. Халықаралық жеке құқықтың пәні: халықаралық жеке құқықпен реттелетін қатынастардың көлемі мен шеңбері.
5. Шетел элементімен күрделенген азаматтық-құқықтық, еңбек, азаматтық іс-жүргізушілік қатынастар.
6. Халықаралық жеке құқықтың құқық жүйесіндегі орны. Шетел элементімен күрделенген азаматтық-құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері.
7. Коллизиялық әдістен материалды-құқықтық әдістің басымдылығы.
8. Халықаралық құқықтың жүйесі құқық саласы мен оқу курсы ретінде. Халықаралық жеке құқық қайнар көздерінің түсінігі мен түрлері.
9. Халықаралық шарт. Екіжақты және көпжақты шарттар. Қазақстан Республикасымен ратификацияланған шарттар.
10. Ішкі мемлекеттік ұлттық заңдылық. Конституция халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде.
11. Азаматтық кодекс халықаралық жеке құқықтың қайнар көзі ретінде.

12. Халықаралық жеке құқық бойынша отбасы және неке туралы Заң, Азаматтық іс-жүргізу кодексі және ҚР-ның басқа заңдылығы.
13. Халықаралық шарт пен ішкі заңдылықтың ара-қатынасы. Әдет-ғұрып: түсінігі, мәні.
14. Халықаралық-құқықтық және сауда әдет-ғұрыптары.
15. Халықаралық сауда палатасының (ХСП) әдет-ғұрыптарды кодификациялауда рөлі.
16. Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі ретінде. Сот прецедентін қайнар көз ретінде қолданудың Қазақстандағы мүмкіншілігі.
17. Коллизиялық норманың құрылымы, түрлері,
18. Халықаралық нормаларды қолданудың сатылары.
19. Коллизиялық норманы қолдану: негізгі құқықтық сұрақтар.
20. Қайтарымдылық. Материалды және формальді қайтарымдылық.
21. Реторсия. Реторсия қағидасын қолданудың проблемалары.
22. Заңи ұғымдардың квалификациясы. Кері қайтару және үшінші мемлекеттің құқығына сүйену. Заңды айналып өту.
23. Жариялы тәртіп жөніндегі келіспеушілік. Қазақстанның арбитраждық процесінде жариялы келіспеушілікті қолдану.
24. Императивті норманы қолдану. Көп құқықтық жүйесі бар құқықты қолдану. 29. Шетел құқық нормаларының мазмұнын белгілеу.
25. Халықаралық жеке құқық субъектілері мен оларға қолданылатын құқықтық режим.
26. Ұлттық режим мен ыңғайландырылуы басым режимі. Ұлттық режимнен ыңғайландыру режимін алып тастау.
27. Халықаралық жеке құқықта жеке тұлғалардың құқықтық жағдайы.
28. Жеке тұлғалардың санаты. «Шетел азаматы» мен «азаматтығы жоқ тұлға» ұғымы.
29. Әр түрлі мемлекеттердегі шетел тұлғалары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықабілеттілігі мен әрекетабілеттілігі. Шетел тұлғалары әрекетабілеттілігінің коллизиялық мәселелері.
30. Шетел азаматтарының әрекетабілеттілігін шектеу мен айыру. Хабар-ошарсыз кету және тұлғаны қайтыс болды деп жариялау.
31. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың ҚР-ғы құқықтық жағдайы. Қазақстан азаматтарының шетелдегі құқықтық жағдайы.
32. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы. Заңды тұлғалардың құқықтық жағдайының негізі: «ұлтты» және мәртебесі. Заңды тұлға ұлттылығын анықтаудың негізгі доктриналары.
33. Халықаралық заңды тұлға ұғымы. Трансұлттық бірлестіктер. ҚР-да заңды тұлғалардың құқықтық жағдайы.
34. Шетел заңды тұлғаларымен шаруашылық қызмет жүргізудің құқықтық нысандары. Филиалдар мен өкілдіктер. Шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалар.
35. ҚР-сы заңды тұлғаларының шетелдегі құқықтық жағдайы.
36. Мемлекет құқықтық жағдайының ерекшеліктері. Мемлекет иммунитетінің түсінігі мен түрлері.
37. Мемлекетпен жасалатын мәмілелердің құқықтық режимі. Мемлекет пен мемлекеттік заңды тұлғалардың бөлек меншік қағидасы.
38. Халықаралық жеке құқықтағы заттық құқықты құқықтық реттеу. Заттық құқықтардың коллизиялық мәселелері.
39. ҚР-да заңдылығындағы меншік құқығына қатысты коллизиялық нормалар. Меншікті жекешелендіру мен ұлттандыру.
40. Шетел инвестицияларын құқықтық реттеу. Инвестициялардың түсінігі.
41. Шетел инвестициялары үшін ұлттық режим мен ыңғайландыру режимінің ерекшеліктері. ҚР-да шетел инвестицияларына кепілдік.
42. ҚР-да меншігінің құқықтық жағдайы мен шетелдердегі қазақстандық ұйымдар. Шетел

мемлекеті мүлігінің иммунитеті.

43. Сыртқы экономикалық мәміле мен сыртқы экономикалық шарттың түсінігі. Сыртқы экономикалық мәміленің коллизиялық мәселелері.

44. Сыртқы экономикалық мәмілені жасасудағы тарап еріктерінің дербестігінің түсіндігі, мазмұны, мәні.

45. Контрактіге отыру жерінің заңын қолдану. Әр түрлі мемлекеттерде мәмілеге отыру уақыты.

46. Сыртқы экономикалық мәміленің нысаны. Мәміленің нысанына қолданылатын құқық жөніндегі коллизиялық норма.

47. ҚР-ның азаматтары мен заңды тұлғаларының қатысуымен жасалатын сыртқы экономикалық мәмілелердің нысанына қатысты құқықты қолдану.

48. Мәміле мазмұны мәселелері бойынша құқықты қолдану.

49. Сыртқы экономикалық мәміледе тиісті қолданылатын құқық жөнінде тараптардың келісімі болмаған жағдайда ҚР-сы заңдылығының күші.

50. Қаржыландырумен байланысты сыртқы экономикалық мәмілелердің түрлері.

51. Халықаралық факторинг.

52. Халықаралық мердігерлік шартының түсінігі, мазмұны, түрлері.

53. Ғылыми-техникалық қызметтестік саласындағы шарттар.

54. Халықаралық сатып алу-сату шартының түсінігі. Халықаралық сатып алу-сату бойынша халықаралық конвенциялар: жалпы сипаттама.

55. 1980 ж. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы Вена конвенциясы.

56. 1085 ж. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шартына арналған құқықты қолдану туралы Гаага конвенциясы.

57. Халықаралық сатып алу-сатудағы ескіру мерзімі жөніндегі ЮНСИТРАЛ конвенциясы.

58. Халықаралық саудадағы үлгілік контрактілердің үлгілік талаптарын қолдану. Тауар жеткізілімінің жалпы шарттары.

59. Халықаралық сауда әдет-ғұрыптары. Сауда терминдері мен оларды талқылау. 65. 1990 ж. ИНКОТЕРМС. Сауда терминдерінің мазмұны, түрлері.

60. Халықаралық тасымалдаудың түсінігі, түрлері, ерекшеліктері. Теміржол, көлік, әуе, теңіз арқылы тасымалдауды құқықтық қамтамасыз ету.

61. Жүктерді халықаралық тасымалдаудың түсінігі, мазмұны, шартқа отыру ерекшеліктері, түрлері.

62. Жолаушыларды халықаралық тасымалдауды құқықтық реттеудің түсінігі, мазмұны, қайнар көзі.

63. Халықаралық тасымалдауды реттейтін ҚР-ның көлік заңдылығы. ҚР-ғы рұқсат ету жүйесі.

64. Халықаралық есеп қатынастарының түсінігі, мазмұны, ерекшеліктері.

65. Халықаралық есептесудің нысандары. Есептерді аккредитив бойынша, инкассо тәртібімен, аванс нысанында жүзеге асыру.

66. Халықаралық есептесу кезінде чекті пайдалануды реттейтін құқықтық нормалардың унификациясы.

67. 1931 ж. Чек туралы біртұтас заң жөніндегі Женева конвенциясының сипаттамасы.

68. 1988 ж. Халықаралық чек жөніндегі ЮНСИТРАЛ конвенциясы.

69. Халықаралық несие қатынастарының түсінігі. Несие қатынастарының түрлері. Вексель - есептесу мен несиені қамтамасыз етудің әдісі ретінде.

70. 1030 ж. Вексельдік құқықты унификациялау жөніндегі және 1930 ж. аударма мен қарапайым вексель жөніндегі коллизиялық мәселелерді шешу жөніндегі Женева конвенцияларына сипаттама.

71. Интеллектуалдық меншіктің түсінігі мен мазмұны. Интеллектуалдық меншік құқығының негізгі институттары.

72. Авторлық және сабақтас құқықтарды халықаралық-құқықтық қорғау. Қазақстандағы шетел тұлғаларының авторлық құқықтары.
73. Қазақстан аумағындағы шетел азаматтарының авторлық құқықтары жөніндегі Қазақстан Республикасының ішкі заңдылығы. Шетелдегі отандық авторлардың туындыларын пайдалану мен қорғаудың ерекшеліктері.
74. Авторлық құқық саласындағы халықаралық көпжақты шарттардың жалпы сипаттамасы.
75. Өнеркәсіптік меншікті халықаралық құқықтық қорғау. Өнеркәсіптік меншіктің түсінігі, объектілері. Өнеркәсіптік меншікке құқықтың түсінігі, ерекшеліктері.
76. Қазақстандағы өнеркәсіптік меншікке шетел тұлғаларының құқықтарын қорғау. Конвенциялық басымдылық туралы Ереже.
77. Шетел тұлғаларының өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға патенттеудің, талапты беру мен рұқсат алудың проблемалары.
78. Шетел элементімен күрделенген неке-отбасы қатынастарының түсінігі, құқықтық реттеудің ерекшеліктері. Неке-отбасы саласындағы қатынастардың коллизиялық мәселелері. Некеге отыру.
79. ҚР-да Қазақстан азаматтары мен шетел азаматтары арасындағы некені құрудың шарттары. Неке құруға кедергі болатын жағдайлар. Консулдық некенің түсінігі.
80. ҚР-ның билік органдарымен консулдық некені танудың шарттары. Әр түрлі мемлекеттердің консулдық некелеріне қатысты Консулдық конвенциялары.
81. Қазақстан азаматтарының шетел азаматтарымен шетелде неке құруы. Шетел тұлғаларының арасында шетелде тіркелген некені Қазақстан Республикасында тану.
82. Некені жарамсыз деп тану. ҚР-да шетелдіктермен некені бұзу. Некені шетелде бұзу.
83. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа қолданылатын құқықты анықтайтын коллизиялық нормалар.
84. Халықаралық жеке құқықта ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қарым-қатынастар.
85. Балалардың азаматтығы. Әкелікті анықтау. Асырап алушылық.
86. 1989 ж. Бала құқықтары жөніндегі Конвенция.
87. Қазақстан аумағынан тыс шетел тұлғаларымен, Қазақстан аумағында тұратын ҚР-ның азаматтарымен бала асырап алуға қатысты ҚР-ның заңдылығы.
88. ҚР-ның заңдылығы бойынша шетелдіктерге қамқоршылық пен қорғаушылықты бекіту. Қазақстан аумағынан тыс өмір сүретін Қазақстан азаматтарына қамқоршылық пен қорғаушылық.
89. Еңбек қатынастары саласындағы халықаралық еңбек қатынастары және коллизиялық қағидалар. Әр түрлі мемлекет заңдылығындағы жұмыс істеу орны заңы коллизиялық принципі.
90. Шетелдіктердің еңбек талаптарын халықаралық-құқықтық реттеу. ҚР-ғы шетел азаматтарының, мигранттардың еңбек құқықтары.
91. Қазақстан азаматтарының шетелдегі еңбек құқықтары.
92. Қазақстан азаматтарымен шетелде шетел ұйымдармен еңбек келісім-шартына отырудың нәтижесінде пайда болатын еңбек қатынастарының ерекшеліктері.
93. Халықаралық шарттар - еңбек қатынастарын реттеудің әдісі ретінде.
94. Халықаралық азаматтық процесстің түсінігі. Халықаралық азаматтық процесспен қаралатын мәселелер. Соттылықты анықтау. Халықаралық соттылықтың түсінігі.
95. Шетелдіктердің процессуалдық жағдайы. Соттық қорғауға құқық және шетелдіктердің ҚР-ғы азаматтық іс-жүргізушілік құқықтары.
96. Шетелдіктердің азаматтық іс-жүргізу құқықтарына қатысты консулдық конвенциялар. Шетел мемлекетінің процессуалдық жағдайы.
97. Мемлекеттің соттық иммунитетінің түсінігі, мазмұны.
98. 1961 ж. Дипломатиялық қарым-қатынастар туралы Вена конвенциясының жалпы

сипаттамасы.

99. ҚР-сы соттарының шетелдік нормаларды қолдануы. Шетелдік құқықтың мазмұнын анықтау.

100. Шетел соттарының соттық шешімдері мен тапсырмаларын атқару. Сот тапсырмасын атқару, түсінігі.

101. Бір мемлекет сотының екінші мемлекет сотына жүгіну тәртібі. Шетел соттарының шешімдері мен тапсырмаларын орындаудың халықаралық-құқықтық негіздері.

102. Халықаралық шарттармен көзделген шетелдік соттардың шешімдерін атқарудың тәртібі.

102. ҚР-да валюталық операцияларды жүзеге асырудың түсінігі, қағидалары. Валюта операцияларының түрлері. Қазақстанның валюталық заңдылығы.

103. Банктік аударым («халықаралық несие аударылымы»). Саудалық емес есептесулер. Халықаралық есептесудегі чек.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі:

1. Л.Б. Нысанбекова. Халықаралық жеке құқық. Негізгі институттар. Оқу құралы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2006.
2. Гражданское право. Том III. Учебник для вузов (академический курс) Отв. ред. М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы. 2004. Раздел XII. Международное частное право
3. Ануфриева Л.П. Международное частное право. В 3 томах. М.Изд. БЕК, 2000-2001
4. Богуславский М.М. Международное частное право: Учебник. - 5 изд. Перераб. И доп. - М.: Юристъ, 2004
5. Звекон В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.: Изд. Группа НОРМА ИНФА. М. 1999
6. Ерпылева Н.Ю. Международное частное право: Учебник. - М.: ТК Велби, Изд. Проспект, 2004.
7. Иссад М. Международное частное право. Пер. с фр. М. 1989
8. Чегир Норт международное частное право. Пер. с англ. М. Прогресс, 1982
9. Лунц Л.А. Курс международного частного права. В трех томах. - М.: СПАРК, 2002
10. Нешатлева Т.Н. Международное частное право и Международный гражданский процесс: Учебный курс в трех частях. - М.: ОАО «Изд.дом «Городец», 2004
11. Международное частное право: Учебник/ Отв. ред. Н.И. Марышев - М.: Юристъ, 2004

Қосымша:

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики, Отв. редакторы: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы: Жеті Жарғы, 2003
2. Сергеев А.П. Толстой Ю.К. Елисеев И.В. Комментарий к гражданскому кодексу Российской Федерации (постатейный). Часть третья. - М.: ТК Велби, 2002
3. Комментарий к части третьей гражданского кодекса Российской Федерации/ Под ред. А.Л. Маковской, Е.А. Суханова. - М.: Юристъ, 2002
4. Дмитриева Г.К. комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации, части третьей, разделу VI «международное частное право». М.: Изд. Норма, 2002
5. Комментарий к Гражданскому кодексу РФ. Часть третья (постатейный)/ Отвред. Л. Ануфриева. - М.: Волтерс Клувер, 2004

БАҚЫЛАУДЫҢ ТҮРІ МЕН ФОРМАСЫ

Аталмыш курстың мынадай бақылау түрлері бар:

- ағымдық бақылау
- аралық бақылау
- қорытынды бақылау

СТУДЕНТ РЕЙТИНГІСІН БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Бақылау түрі	Апта						1-рейтинг қорытындысы	Апта							2-рейтинг қорытындысы	15
		1	2	3	4	5	6		8	9	10	11	12	13	14		
1	Сабаққа қатысым	*	*	*	*	*	*	7	*	*	*	*	*	*	*	8	*
2	Дәрістерді конспектілеу			*		*		5					*		*	5	
3	СӨЖ тапсырмаларының орындалуы		*	*	*	*	*	30			*	*	*	*	*	30	
4	ОСӨЖ тапсырмаларының орындалуы	*	*	*	*	*		30			*	*	*	*	*	30	
5	Аралық бақылау тапсырмаларының орындалуы							20								20	
6	Тапсырманың басқа түрлері			*			*	8					*		*	7	
	Қорытынды							100								100	
	Қорытынды бағадан алған үлесі							30%								30%	

Пән бойынша қорытынды бақылау пайыздық мазмұнда мына формула бойынша анықталады:

$$И = \frac{P1+P2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4$$

Мұндағы: P1 – 1-рейтинг бағасының пайызы, P2 – 2-рейтинг бағасының пайызы, E – емтихан бағасының пайызы

- рейтингтік бақылау – 60%
- емтихан - 40%

Студенттердің білімін бағалау критерийлері: студент дәріс сабақтарына, ОСӨЖ сабақтарына толық қатысып, ОСӨЖ және СӨЖ бойынша барлық тапсырмаларды орындаған жағдайда ең жоғары балл; тапсырманы орындаудағы шығармашылығы үшін көтермелеу балын, толық орындалмаған жазба жұмыстары, тапсырмалардың орындалмауы, босатқан сабақтары, тапсырмаларды белгіленген мерзімде тапсырмағандары үшін айып балдарын алуы мүмкін.

Емтихан сұрақтары

Әдебиеттер тізімі

Негізгі оқу әдебиеті:

Қосымша оқу әдебиеті:

Нормативті-құқықтық база:

Мерзімді басылым материалдары:

Пәннің бақылау түрлері: ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды бақылау. Бақылау құралдары: сабаққа қатысу, бақылау жұмысы, сұрақ-жауап, реферат.

Білімді бағалаудың жалпы көрсеткіші

Әріптік баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пәнді меңгерудің пайыздық мазмұны	Дәстүрлі баға
A	4,0	95-100	
A ⁻	3,67	90-94	
B ⁺	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B ⁻	2,67	75-79	
C ⁺	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C ⁻	1,67	60-64	
D ⁺	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

Академиялық тәртіп саясаты: курс саясаты мынадай талаптарды қамтиды:

- сабақты босатпау
- сабаққа кеш қалмау
- оқу үрдісіне белсенді араласу
- ұқыптылық, міндеттілік
- өздік жұмыстарының орындалуы
- топпен жұмыс істеу және пікір-таластарға қатысу
- шыдамдылық, ақжарқындылық, ашықтық